

## ВЫСШАЯ ШКОЛА

Абылайхан С.М., Искакова М.Б., Конхашова Ұ.М.  
*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.*

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОБАЛЖУЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА НЕГІЗДЕУ

Бастауыш сынып оқушыларының жасындағы қобалжу сезімі баланың өзіне тиісті білім мен дағдыларды меңгеруіне кері әсерін тигізеді. Осыдан ондай балалардан болашақта терең білімі бар, жан - жақты қалыптасқан азамат шығуы екі талай.

Үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынасқа деген қажеттілік баланың жеке басының дамуын анықтайды. Жеті жасар бала мектеп табалдырығын алғаш аттағанда, ол үшін мектептік өмір өте қызықты, думанға толы, жарқын болып көрінеді. Мектепте жылы жүзді қайырымды мұғалімдермен кездесемін, көптеген құрбы - құрдас армен танысып, жаңа, жақын достарды табамын, қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарының мәнін түсінемін деген сияқты үміт оттары бала бойында лаулап тұрады. Яғни баланың оқушысы келеді, жаңа көптеген нәрселерді біліп, «жақсы оқушы» атануға тырысады. Осындай оқуға деген қызығушылық пен ниеттің алғашқы екіліктің пайда болуымен жеке ұшырауы, оқушыда ең алдымен оқуға деген ынтасы жоғалып, мектепке барудан бас тартады, не сабақтарға қатынаспайды немесе «қиын» оқушы атанады. Сабақ бағасында мұғалімге қарсы сөз айтып, тапсырмаларды орындамайды, сыныптастарының жұмысына кедергі жасайды. Бұндай қылықтар жеке тұлғаның дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені біздің қоғамымызда мектепте оқу міндетті болып табылады, барлық балалар ешбір қиындықсыз оқып жатыр, ал ол үшін оқу процесі оңай емес. Бұл жағдай оқушы бойында - ол ешкімге керексіз, басқаларға қарағанда нашар оқушымын деген ойлардың туындауына және қобалжу сезімінің туындауына себепкер болады [1].

Мұндай сезім кез келген үлгермеуші оқушыда туындауы мүмкін. Нәтижесінде көбіне үлгермеуші балалар өзін керекті беделді адам ретінде сезіну мақсатымен басқа ортаны іздейді. Осылай олар әр түрлі бұзық балалар тобына түсіп, болашақта құқық бұзушылар қатарын толықтырады. Миссия, қылмыскер, нашақор болуы әбден мүмкін. Бұдан мектептегі үлгермеушілік тек мұғалім мен оқушыны, педагогикалық ұжымды, мектепті ғана толғандыратын мәселе емес бұл мемлекеттік деңгейде қарастыруды қажет ететін - жалпы қоғам мәселесі.

Қазіргі уақытта оқу процесінің өзгеріс алуына байланысты, мектеп табалдырығын аттаған уақыттан бастап, бастауыш сынып жасындағы оқушыларда эмоционалдық өріс жағымды да жағымсыз реңкке ие бола бастайды. Практика мен арнайы зерттеулерден алынған мәліметтерге сүйенсек, бастауыш сыныптан бастап оқушылардың 25 - 30% оқу процесінде белгілі бір қиындықтарға кездеседі. Сондықтан мектеп, оның әкімшілігі мен педагогикалық ұжым бастауыш сынып оқушыларының оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етіп, оны қадағалап отыруы керек. Елдегі әлеуметтік – экономикалық өзгерістерімен байланысты балаларды оқыту жөнінде өте маңызды мәселелер туындап жатыр [2].

Қазіргі кезде, бастауыш сыныпта оқитын балаларда оқу мәселесіне байланысты әр түрлі эмоционалдық жағдайлар көрініс тауып отыр. Осындай жағдайлардың бірі қобалжушылық болып табылады.

Уайымшылдық - қобалжушылық сезімін тудырады, кейіннен ол баланың психикалық дамуының орталық буыны болып қалыптасады. Осы даму жолында баланың қажеттіліктері көрініс табады – оның талпынысы, тілектері, ниеттері және де олардың өзара күрделі

байланысы мен олардың қанағаттандыру арақатынасы. Сонымен қобалжушылық баланың қажеттілігі мен талпынысына және де оқуының жемісті болуына да әсер етеді.

Қобалжушылық жағдайды зерттеушілер өте көп болды, олардың қатарында З.Е.Фрейд және К.Корни, Г.С.Салливан, Э.Э.Фромм болды. Сонымен қатар С.Кьеркегор, Л.Г.Сэразон, Х.Хекхаузен, И.Сарасан, К.Э.Изар, Е.Д.Спилбергер, Э.Гельгорн және басқа да зерттеушілер зерттеді [3].

Қобалжушылық мәселесіне гуманистік бағыттың психологтары да бет аударды – К.Роджерс, А.Маслоу және т.б. Қобалжушылық жаңаша түрде болса да орыс нейрофизиологтарының еңбектерінде де қарастырылды, И.М.Сеченовтың, И.П.Павловтың және В.М.Бехтеревтің еңбектерінде кездеседі [4].

Жалпы психологияда эмоционалды жағдай мәселесі Б.Г.Анатъевтің, Л.С.Выготскийдің, П.Я.Гальпериннің, В.К.Вилюнастың, А.Н.Леонтьевтің, А.С.Рубинштейннің және басқалардың еңбектерінде эмоционалды жағдайлардың базалық теориялық негіздері қарастырылады.

Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларындағы қобалжушылық деңгейін зерттеумен орыс тілінде оқыту М.В.Кузубова, М.С.Искакова айналысқан, олар сөйлеуі бұзылған балалардың қобалжушылығын зерттеген. Қазақстанда бастауыш сынып оқушыларындағы қобалжушылық деңгейін орыс тілінде оқыту арқылы зерттеген, М.В.Кузубова, ал сөйлеуі бұзылған балалардың қобалжушылығын зерттеген М.С.Искакова зерттеу табылады [5].

Қобалжушылық, тұрақты білім ретінде адамның Мен – концепциясымен, «Қатысты - Мен», астамшылдық, өзіндік бақылаушылық қызметтік кедергі жасаушы, өзінің уайымдарына көңіл аударумен тығыз байланыста болып келеді. Қобалжушылықтың ерекше сипаттамасы болып, оның белгісіздігі мен қауіп алдында мәмексіздігі болып табылады.

Қобалжушылық – жеке адамның өзіндік өміріне қажет деп есептейтін құндылықтарына төнетін қауіп ретінде көрініс табады.

Қобалжушылық – жосықсыз болып табылады өйткені сыртқы әлемнен бөлек, «Мен» қабылдауы қалыптасатын психикалық құрылымның негізіне соққы береді. Ауыр клиникалық жағдайларда қобалжушылық «Мен» ұғымының жоғалуымен де байланысты болып келеді.

Әр түрлі жас кезеңдегі балалардың қобалжушылығы зерттелуде, бірақ Қазақстанның бастауыш сынып оқушыларының қобалжуы аз зерттелген, яғни қазақ балаларының қазақ тілінде оқитын оқушылар санының артуымен байланысты оқу ісіне қатысты эмоционалды көріністерінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында осындай балалардың қобалжушылығын зерттеу қажеттілігі пайда болды.

Бұл “қобалжушылық” терминінің көп мағыналылығы, семантикалығы, анықталмағандығы психологияда оны әртүрлі мағынада қолдануына әкеп соғады:

- стрестік факторлар арқылы туындайтын гепотетикалық “уақыт аралық ауыспалы” және уақытша психикалық қалып;

- әлеуметтік қажеттіліктер фрустрациясы; жеке ішкі және сыртқы факторлар әсерінен туындайтын әлеуметтік құрылымы, мотивациялық қақтығыс.

Қазіргі кезде психологияның кезекті қобалжушылық жайында көптеген мақалалар жариялануда. Бұл осы мәселені зерттеуге деген қызығушылықтың өсуін көрсетеді.

Дарвин мен Джеймстың үлесіне сыртқы психикалық қалыпты және соның ішінде эмоциялық қалыпты мұқият зерттеу тиеді. Сонымен қатар, Джеймс пікірінше, психологиялық қалып психология ғылымының басты пәні болып табылады. Психологиялық күштену, қобалжу, қобалжу қалыптарын зерттеуде, XX ғасырдың бірінші жартысында орыс ғалымдарының ерекше еңбегі сіңді. В.М. Бектерев және оның оқушыларының жұмысында эмоционалды қалып феноменологиялық түсіндірілумен қатар, оны зерттеу кезінде методологиялық адекватты дұрыс қатынас жасау туралы түсіндірілген. Психикалық қалыптың жалпы проблематикасын зерттеу кезінде мәдени әлеуметтік, философиялық-психологиялық, психоаналитикалық, психосоматикалық және т.б. бағыттар қарастырылады.

XX ғасырдың бірінші жартысының соңында психикалық қалыптың жалпы тапсырмалары Д.Н.Левитовтың зерттеу монографияларында толық қамтылды және олар төмендегідей еді:

1. Психикалық қалыпты оның өзіндік психологиялық категориясын анықтап және оның басқа категориялы психикалық құбылыстармен байланысын орнату;
2. Психикалық қалыпқа классификация беру;
3. Психикалық қалыпқа нақты феноменологиялық мінездеме беру;
4. Психикалық қалыптың құрылымын, дамуын және жойылу механизмдерін қарастыру;
5. Психикалық қалыптың әртүрлі іс-әрекеттегі, сыртқы орта талаптарына сай өзгеру ерекшеліктерін зерттеу [6].

В.Н.Мясищеваның пікірінше психикалық қалып психикалық әрекеттің жалпы функционалды деңгейімен көрінеді және адамның әсерленушілігімен қорытындылады. Сонымен психикалық қалыптың құрылымына әсерленушіліктің белгілі бір бөлігі және психикалық процестердегі нақты өзгерістер, жекелік мінез ерекшеліктері және сепатикалық қалып кіреді.

Қиын жағдайда туындаған эмоция мәселелерін жан-жақты және тереңірек зерттеген П.В.Симонов. Ол өндеген эмоцияның информациялық теориясы, жағымды және жағымсыз эмоцияның туындау себептерін анықтауда үлкен жетістік енгізді және күй келік психикалық күштенудің қажеттіліктің қанағаттанбаушылық қауіпінен туындайтынын анықтады [7].

Қобалжулардың ішінде ең кең тарағаны – сендірілген қобалжулар. Олардың қайнар көзі – ересектер, баланы қоршаған адамдар (ата-анасы, әжелері, бала бақша тәрбиешілері және т.б.). Олар балада еріксіз қобалжу туғызып, баланың эмоциялық қалпына әсер етеді. Нәтижесінде бала айтылған сөздің соңғы жағын қабылдайды: “жақындама – құлайсың” және т.б. Бұның нені білдіретіні кішкентай балаға әлі түсініксіз, бірақ бұл қобалжу сигналына әсер етіп, қобалжу реакциясын тудырады. Егер баланы “қажетсіз” қорқыта берсе, бала әрекетіндегі спонтандықты толығымен жойып қалады және өзіне сенімсіздігі артады. Уақыт өте қобалжулары шексіз жинала береді, бала одан әрі күштенген, шырмалған, сақталған болып қалады.

Баланың көзінше өлім, қайғы, және өшіу, өрт пен өлтіру туралы әңгіме айту баланың психикасында оның жігерінен тыс тез қалыптасады.

Мұның барлығы қобалжудың туындауының шартты-рефлекторлы сипаттамасы туралы айтуға алып келеді, бала әрбір әрекетімен дыбысқа қорқатын болса, онда оның соңғы күндері өте жайсыз, уайымшылдық күйінде өткенін білдіреді.

“Қобалжу” термині сияқты “қорқыныш” термині де жиі кездеседі. Қобалжуда да, қобалжушылықта да оқшау қалпы қобалжу пен абыржу сезімдері күйіндегі эмоционалды компоненттер болады, яғни екеуінде де қауіпті қабылдау немесе қауіпсіздік сезімінің болмауы көрініс береді. Қобалжу пен қобалжушылықтың апофезы - ужас (масқара) болып табылады.

Қобалжу - бұл қауіпті сезіне білуі, қобалжу жағдайы болып табылады. Көбіне қобалжу қандай да бір жаңалықты күту барысында, ол жаңалықты еш болжауға болмайтын және ол жағымсыз нәтижені беру мүмкіндігі бар кезінде туындап отырады. Қобалжу көбінесе өзіндік жауапкершілігі, борыштылығы мол, өзінің жағдайына көңіл бөлетін және қоршаған адамдар сынын тез қабылдайтын адамдарда кездеседі. Осыған байланысты қобалжу өмір үшін қобалжупен байланысты жауапкершілік ретінде де көрініс береді.

Баланың жекелік психикасының құрылысына байланысты қобалжу сезімі ата-аналарымен немесе достарымен қатынаста пайда болатын қобалжуда көрініс беріп отырады.

Белгісіз, есепсіз жағдайдағы адам қобалжуды сезінеді, ал нақты бір объектіден немесе ойдан қорқатын адам қобалжуды сезінеді [7].

Өз кезегінде қобалжуды нақты, объективті формадағы қобалжудың көрінісі ретінде де қарастыруға болады. Кейбір жағдайда қобалжу - қобалжудың шығуына жағдай жасайтын қалпақ секілді. Егер де адам қобалжудың туындау фактісінің өзінен қорқатын болса, онда

мұндайда қобалжудың деңгейі өте жоғары болады, яғни өзінің өмірі мен табысына жанама түрде қауіптің өзінен қорқады.

Жалпылама күйінде қобалжу ситуативті және жекелік болып бөлінеді.

Ситуативті қобалжу өзгеше қауіпті немесе естен танырлық жағдайларда туындауы мүмкін, мәселен апатты оқиғаларда, иттің бас салуы және т.б. Ситуативті қобалжу топтық адамдар арасындағы дүрбелең психикалық жағдайда жиі болады, қобалжулы сезімдер кезінде, ауыр сындар немесе өмірлік сәтсіздіктер кезінде болады.

Жекелік қобалжу адамның мінезімен анықталып қойылған, мәселен оның жоғарғы деңгейдегі күмәнданғыштығымен және жаңа бір жағдайларда немесе адамдармен танысу барысында пайда болуы мүмкін.

Қобалжудың интенсивті айқын эмоция болуына қарамастан, оның қарапайым әдеттегі немесе жас кезеңдегі және патологиялық деңгейін ажырата білу керек. Әдетте, қобалжу қысқа мерзімді, мынаған көңіл бөлейік: жас кезеңімен жойылады, адамның терең құнды бағыттарын қозғамайды, мінезіне, іс-әрекетіне және өзгелермен қарым-қатынасына әсер етпейді. Сондай-ақ қобалжудың кейбір формалары қорғаныштық мәнгерге, өйткені қобалжу объектісімен жанасудан сақтайды [3].

Қорку басымдылығындағы қобалжу жағдайына баяулылық, тұйықтылық және “бір орында қалушылық” тән болып келеді. Яғни, қобалжушылық холекерлікпен көрініспен ұқсас болып келеді. Жағдайлар қатарында ұзақ әсер етуші қобалжу эффектілері мен қобалжудың эффектілері шынында да темпераменттің соңғы типтерін тоқтатуы мүмкін.

Қобалжу пен қобалжу жағдайында адам жайсыз күйде болады, тез қорқады, сирек күледі, үнемі салмақты және мазалы болып жүреді. Ол қолығымен бұлшық еттерін демалдыра алмайды, тым көп шаршайды, оған қайталанмалы бас ауруы мен дененің әр бөлігіндегі спазмалар тән болып келеді.

Қобалжудың нәтижелері әртүрлі, негізінен, кеңінен психикалық функция жағымсыз өзгерістерге шыдай алмайды. Ең алдымен, бұл эмоционалды бөлікке қатысты, қобалжу барлық сезімдерді қобалжулы түспен қаптаған кезде. Қобалжу ойлауды да тежейді, қобалжу кезінде жылдам, шашыраңқы, әлсіз болады, қобалжу кезінде тоқтап қалады. Екі жағдайда да ол өзінің жылдамдығын жоғалтады, таусылмайтын қауіппен, болжамдармен, сенімсіздікпенен қамтылады.

Эмоционалды жағдайдың тездігі – бұл тұмандағы өмір секілді, қараңғы бөлмеде секілді, жаңа күш, қуат пен белсенділіктің жоқтығымен байланысты.

Қобалжуда өмір сүру – бұл үнемі өткенге, артыңа қарай беру сияқты, болашаққа бастайтын негізді көрмеу болып табылады.

Осындай жағдайда туындайтын қобалжулы - пессимистік бағыт барлық жағымсыз кездейсоқтық апатты және ие бола бастауға алап келеді де үнемі қауіптің белгісі болып қалыптасып кетелі.

Қобалжу әсерінен болатын психикалық өзгерістер ауыр әлеуметтік-психологиялық изоляцияға алып келеді, мұндай жағдайдан шығудың жеңіл жолы жоқ, басқалармен бірге болу ниетіне, шығармашыл белсенді, жан-жақты өмір сүру тілегіне қарамастан мұндай жағдайдан шығу мүмкін емес.

Қобалжу - бұл белгісіз қауіпті ситуацияда туындайтын және оқиғаның жағымсыз дамуын күтуде көрініс беретін эмоционалды жағдай болып табылады. Нақты бір қатерге реакция ретіндегі қобалжуға қарағанда қобалжушылық жинақталған диффузды қобалжу ретінде көрініс береді.

Адамда қобалжу әдетте әлеуметтік қатынаста сәтсіздікті күтумен байланысты болып келеді және қауіпті саналы түрде сезіне алмауымен негізделеді. Функционалды түрде қобалжу тек субъектінің алдағы қауіп туралы ескертіп қана қоймайды, сондай-ақ осы қауіпті іздеу мен нақтылауға да итермелейді.

Ол көмексіздік, шарасыздық түрінде де көріне береді, өзіне сенімсіздік, сыртқы факторлар алдындағы шарасыздығы, олардың күші мен қатерлі сипаты туралы асырамшылдығымен байланысты болып келеді. Қобалжудың әрекеттік көрінісі жалпы

ұйымдастырушылық әрекетке байланысты болады, оның бағыттылығы мен тиянақтылығын бұзуға алып келеді. Қобалжу невроздардың даму механизмі ретінде (невротикалық қобалжу) адамның психикасының қалыптасуы мен дамуының ішкі қайшылықтарында пайда болады. (Мәселен, қайшылық деңгейінің жоғары болуы, мотивтердің жеткіліксіз әдептілік негізделуі және с.с.). Осының нәтижесінде өзге адамдар жағынан болатын қауіп-қатерге дұрыс қарамау пайда болады.

Қобалжушылық жағдайында тек бір ғана эмоцияны бастан кешірмейміз, қандай да бір әртүрлі эмоциялар комбинациясын сеземіз, олардың әрбіреуі біздің әлеуметтік қарым-қатынасымызға әсер етеді, сондай-ақ біздің соматикалық жағдайымызға, қабылдауымызға, ойымыз бен әрекетімізге әсер етеді.

Қорытындылай келе, жоғарыдағы зерттеулердің нәтижесі мынаны көрсетіп отыр: қобалжуды бөлек жеке феномен ретінде қарастыруға болмайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 2 Астапов В.М. Үйрей жағдайын зерттеуге функционалдық жағы – Психологиялық жағы. – Психологиялық журнал, 1992. – 13 т., №5. – 111б.
- 3 Березин Ф.Б. Адамның психикалық және психофизиологиялық бейімделуі. – Л. Ғылым, 1988. - 121б.
- 4 Бектерев В.М. Соматикалық мимиканың рефлексі ретіндегі эмоциялар туралы. – Кітапта.: Жүйке жүйесінің физиологиясы мен рефлексологиясының жаңалықтар. – М.: Л., 1929.
- 5 Божавич Л.И. Балалық шақтағы қалыптасу мен жеке тұлға. –М., 1968. – 464б.
- 6 Балалық шақтағы психология: Хрестоматия Н.Л. Попольская құрастырған. – 2 – ші баспа. - М., 2001. – 351б.
- 7 Захаров А.И. Балалардағы күндізгі және түнгі қобалжудар. – СПб., 2000 – 448 б.
- 8 Захаров А.И. Балалардағы қобалжуды қалай жеңу керек. – М., 1986. – 112 б.

Айдарбекова К.А., Ейсенбеєва А.М., Тлеуберлинова Э.Б.  
*Академик С.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

### БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Егеменді еліміздің жаңару кезеңінде, қоғамымыздың ілгерілеу үдерісінде адам факторының алатын орны ерекше. Кез келген елдің болашағы жастарға әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру болып табылады. Жастардың ақыл-ойын барынша дамыту, дүние құбылмалы ғылым мен техниканы, өндірістік технологияны меңгеру үшін ғылыми негізде білім беру жүйесін неғұрлым тиімді құру – білім берудің негізгі міндеті. Ғылым, мәдениет, өнер, технология, құқықтық, рухани, адамгершілік негіздерінің қалыптасуы да білім беруге байланысты.

Қазіргі уақытта ғалымдар оқушылардың оқу мазмұнына танымдық қызығушылығын және белсенділігін арттыру үшін барынша тиімді әдістерді қарастыруда. Соның бірі бастауыш сыныптағы сабақтарда дидактикалық ойындарды пайдаланумен байланысты туындаған мәселелер.

Бұл мәселе В.А.Сухомлинскийдің «Тәрбие туралы» деп аталатын еңбегінде кеңінен қарастырылған. Бұл еңбекте ол бізді мектеп пен отбасындағы бала тәрбиесі туралы ойларымен таныстыра отырып, ойынның маңызы жайлы былай дейді: «... Ойын – бұл бала жанына қоршаған орта жайлы түсінік, нақты ұғым құйылатын жарығы мол терезе» [1].

Ойын – бұл білуге, көруге деген құмарлықты жағатын ұшқын іспетті. В.А.Сухомлинскийдің жұмысын жалғастыра отырып, Д.Б.Эльконин өзінің «Ойын психологиясы» деген еңбегінде ойын психикалық үдерістің дамуына әсер етеді, ойынның